

Облыс әкімиятының "Оралмандардың көшіп келу квотасынан" тыс Маңғыстау облысына қоныс аударған оралмандарға бір жолы бір рет әлеуметтік көмек төлеу Ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 223 қаулысына (облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 21 қазанда N 1537 тіркелген) өзгірістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімиятының 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 304 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 4 ақпанда N 1606 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 148-11 Заңына сәйкес және "оралмандардың көшіп келу квотасынан" тыс Маңғыстау облысына қоныс аударған оралмандарды толығырақ қамту мақсатында, облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Облыс әкімиятының "Оралмандардың көшіп келу квотасынан" тыс Маңғыстау облысына қоныс аударған оралмандарға бір жолы бір рет әлеуметтік көмек төлеу Ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 223 қаулысына (облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 21 қазанда N 1537 тіркелген) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген "Оралмандардың көшіп келу квотасынан" тыс Маңғыстау облысына қоныс аударған оралмандарға бір жолы бір рет әлеуметтік көмек төлеу Ережесіндегі:

3 тармақтағы "2003 жылы 1 қаңтардан бастап" деген сөздер "2002 жылғы 1 сәуірден бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 тармақтағы "2003 жылға" деген сөздер "тиісті жылға арналған" деген сөздермен ауыстырылып, "оралмандарға" деген сөздерден кейін жазылсын.

Облыс әкімі